

**Мемлекеттік қызмет паспорты**  
**«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру**  
**ұйымдарына құжаттар қабылдау».**

<b>1</b>	<b>Көрсетілетін қызметті беруші</b>	Білім басқармасы (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет беруші)
<b>2</b>	<b>Көрсетілетін қызметті тұтынушылар</b>	жеке тұлғалар
<b>3</b>	<b>Көрсетілетін қызметтің нысаны</b>	Қағаз түрінде.
<b>4</b>	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну орны</b>	- «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес АҚ БҚОФ «ХҚКО» департаменті
<b>5</b>	<b>Жұмыс кестесі</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көрсетілетін қызмет берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.</li> <li>2. Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес және белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</li> </ol>
<b>6</b>	<b>Қажетті құжаттар</b>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 7тамыздағы №397 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9 тармағында қарастырылған құжаттарды ұсыну.
<b>7</b>	<b>Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі</b>	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.
<b>8</b>	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі</b>	көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап: <ol style="list-style-type: none"> <li>күндізгі оқу нысанына – 20 маусым мен 20 тамыз аралығында;</li> <li>сырттай (кешкі) оқу нысанына – 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында;</li> <li>2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;</li> <li>3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.</li> </ol>
<b>9</b>	<b>Көрсетілетін қызметтің нәтижесі</b>	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына <u>1-қосымшаға</u> сәйкес

		техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орнына құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат болып табылады.
<b>10</b>	<b>Нормативтік-құқықтық актілер</b>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» 2017 жылғы 07тамыздағы №188 бұйрығы.
<b>11</b>	<b>Қосымша ақпарат алуға болады</b>	Білім басқармасының интернет-ресурсында <a href="http://www.edubko.gov.kz">www.edubko.gov.kz</a> сайтының «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде немесе Телефон: 8 (7112) 26-04-71.

Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі стандарттың 3 – бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.